

ӘОЖ 37.016:811.111

RWCT ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АЙТЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

У.Р. Айбекқызы

студент магистрант, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекші: К.Г. Аббасова- қауымдастырылған профессор,
педагогика ғылымдарының кандидаты;

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі айтылым дағдысының құзыреттілігін іске асырудың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде RWCT (Reading and Writing for Critical Thinking) технологиясы зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – білім алушылардың айтылым дағдыларын қолдануда сыни ойлау стратегияларының когнитивті, бағдарлы функцияларын негіздеу болып табылады. Мақалада RWCT технологиясын айтылым дағдысын дамытуға бағыттайтын аспектілерге кешенді талдау жасалған.

Кілт сөздер: RWCT технологиясы, сыни ойлау, ағылшын тілі, айтылым дағдылары.

Білім беру саласында шет тілді коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру мәселесі оқушылардың танымдық үдерістің белсенділігі және сыни ойлау қабілетін біріктіруді талап етеді. Қазіргі дидактикалық модельдер шеңберінде «Reading and Writing for Critical Thinking (RWCT)» технологиясы тек қана лингвистикалық дағдыларды емес, сонымен бірге ақпаратты тілдік бірліктердің мағыналық құрылымын өңдеу мен тілді қолдану үдерісінің жоғары деңгейлі функционалдық үдерістерді белсендіретін іргелі әдснамалық жүйе ретінде танылып келеді. RWCT технологиясының теориялық негіздері конструктивизм концепциясына арқау бола отырып, оқушыны танымдық белсенділігі төмен реципиенттен белсенді білім меңгеруші субъектіге түрлендіруді көздейді.

«Reading and Writing for Critical Thinking ағылшын тілінен аударғанда «Оқу мен жазу сыни тұрғыдан ойлау үшін» мағынада, яғни сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған оқу мен жазу» [1]. Бұл бағдарлама UNESCO және басқа да ұйымдардың қолдауымен әлемнің әртүрлі елдерінде енгізілді.

John Dewey прагматикалық педагогикасы және Jean Piaget когнитивті даму заңдылықтары RWCT технологиясының философиялық іргетасын қалыптастырады, осы аспектідегі оқыту үдерісі тәжірибелік әрекет пен когнитивтік рефлексияның үйлесуі арқылы зерттеледі [2]. Оқушының

танымдық әрекеті барысында жаңа лексикалық-грамматикалық құрылымдар жай ғана қарастырылмай, олар талдау арқылы сарапталып, жеке тұлғалық мағынаға ие болады, бұл әрине ауызша сөйлеудің еркіндік деңгейі мен сапасын арттыруға негіз болады.

Ағылшын тілінде айтылым дағдыларын дамыту мақсатында RWCT технологиясы Лев Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы тұжырымдамасымен тығыз байланыста болады. Себебі оқушының тілдік қабілетін әлеуметтік өзара әрекеттестік пен диалогтық орта арқылы ашуды негіздейді [3].

Тәжірибені жүйеге келтірген Чарльз Темпл, Джинли Л.Стил, С.Мереди́т үш кезеңдік «ERR(Evocation, Realization, Reflection) моделі» айтылымды дамытудың дидактикалық алгоритмін негіздейді. Қызығушылықты ояту кезеңінде танымдық лексикалық ресурстар белсендірілсе, мағынаны тану кезеңінде ақпаратты логикалық-құрылымдық талдау аясында жүзеге асырылады. Үдеріс барысында оқушының ойлау құрылымдары жаңа тілдік материалдармен кеңейіп, сөйлеу әрекетінің ішкі бағдарламасы құрылады. Ой толғаныс кезеңінде жеке дискурстық рөл сөздік деңгейде қалыптастырылады [4].

Сыни тұрғыдан ойлау:

- жоғары дәрежедегі ойлау;
- шындалған ойлау, салыстыру, зерттеу, жүйелілік;
- түсініктерді сынау емес, ақпаратты сыни тұрғыда қабылдау;
- әркімнің өзіндік дауысын өзге ойлармен, дәлелдермен өз көзқарасымызға жаңаша қарау үшін тыңдай білу;
- өзіндік және жеке ойлау;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, тыңдаушының қызығушылығынан тұратын, сеніміне негізделген құрылым.

Ресейлік әдіскер И.В. Муштавинская [5] сыни ойлау технологиясының рефлексивті сипатын атап өтсе, қазақстандық зерттеуші С. Мирсеитова [6] бұл әдістеменің қазақ тілді аудиторияда ағылшын тілін меңгеруді психологиялық тосқауылдарды жоюдағы ерекше рөлін зерттеген.

Американдық ғалым Д. Клустердің айтуы бойынша Сыни ойлауда – ақпарат соңғы пункт болып табылмайды, бастапқы нүкте болып табылатын жеке ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қою және анықтауды қажет ететін мәселені анықтау. Сыни ойлау – сенімді дәлелдерге ұмтылыс және әлеуметтік құбылыс [7].

Айтылым дағдысын дамытуда RWCT тек мазмұнға емес, сонымен қатар сөйлеу этикасы мен интонациялық мәдениетке де әсер ететінің ескеру керек. Penny Ur [8] зерттеулерінде, шынайы коммуникативті тапсырмалар (authentic tasks) білім алушының тілдік қателіктерден қорықпай, мағынаны жеткізуге тырысуына ықпал етеді деп пайымдаған.

RWCT шеңберінде қолданылатын «Fishbone(Балық қанқасы)», «Venn Diagram» стратегиялары оқушының сөйлеуіндегі логикалық байланысты нығайтады. Мысал келтіретін болсақ, екі басқа мәдениетті салыстыру барысында білім алушы whereas, on the other hand, similarly сияқты байланыстырушы сөздерді (linkers) қолдану арқылы академиялық айтылым деңгейіне көтеріледі.

Сонымен қатар, Г.Қ. Баймұханова ағылшын тілі сабақтарындағы сыни ойлау стратегияларының оқушының мотивациялық-құндылықтық бағдарын қалыптастырудағы маңызын атап өтеді. Бұл зерттеулердің барлығы RWCT технологиясының тек тілдік емес, тұлғалық-дамытушылық сипатын аша түседі [9].

Айтылымды дамытудағы RWCT технологиясының функционалдық ерекшелігі – оның мәтінмен жұмы істеудің аналитикалық әдістерін тілдік құзыреттілікті айтылымға проекциялау нәтижесінде. Сыни ойлау технологиясы оқушының мәселенің себеп-салдарлық байланысын айқындап, ағылшын тіліндегі күрделі синтаксистік құрылымдарды стратегиялар арқылы қолдануға машықтандырады. Бұл оқушының сөйлеу құзыреттілігін арттырып, сөйлеу стилін академиялық стильге негіздейді. Н. D. Brown еңбектеріндегі коммуникативтік оқыту принциптері RWCT технологиясымен тығыз байланысып, тілдік материалдарды функционалды қолданудың маңыздылығын дәйектейді. Айтылым барысында оқушы бір текті сөз тіркестерін қайта қолданбай, мақсатқа жету үшін сөз тіркестерін басқаша өзгертіп, сөйлеу тәжірибесін жетілдіреді [10].

RWCT технологиясының әдіснамалық негізі сонымен қатар бағалау жүйесінің критериалды құрылымымен кірігуі арқылы айқындалады. P. Black және D. William зерттеулеріндегі қалыптастырушы бағалау принциптері RWCT стратегияларының ішкі ойлау әрекетінде толық іске асады. Оқушы айтылымының сапасының арнайы сипаттамалық көрсеткіштер арқылы талдай отырып, лексикалық және фонетикалық бірліктерді жетілдіруге бағдар жасай алады. Бұл үдеріс оқушының автономиясын (learner autonomy) нығайта отырып, шетел тіліндегі коммуникацияға деген тұлғалық жауапкершілігін арттырады. Өзара бағалау дағдысы оқушының тілдік ортадан тыс кеңістікте де дамуына мүмкіндік береді, бұл ағылшын тілін үздіксіз игерудің басты кепілі [11].

Ғылыми зерттеулерде RWCT технологиясын қолдану барысындағы сұрақ қою мәдениеті ерекше талқыға алынады. Бенжамин Блум таксономиясына сәйкес, жоғары деңгейлі сұрақтар оқушының күрделі сөз тіркестерін қолдануға мәжбүрлейді. Оқушы өз пікірін дәлелдеу үшін «From my perspective», «I strongly believe» секілді тұрақты сөз тіркестерін қолдана отырып, айтылым дағдысын тереңірек меңгереді. Сондай-ақ оқушының когнитивті икемділігін дамытып, еркін тақырыптарда пікір алмасуға алғышарт тудырады. RWCT тек

тіл үйрету құралы емес, интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың негізгі құралымына айналады.

XX ғасырдағы білім беру жүйесіндегі дамуы Сын тұрғысынан ойлау XX ғасырдың екінші жартысында білім беру саласында кеңінен қолданыла бастады. Бұл кезеңде әдістемелік құралдар мен оқыту технологиялары жасалды:

– 1960-1970 жылдары: АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде сын тұрғысынан ойлау оқыту бағдарламаларына енгізіле бастады.

– 1980-1990 жылдары: Сын тұрғысынан ойлау бағдарламаларын дамыту бойынша халықаралық жобалар құрылды.

Қорытындылай келе, RWCT технологиясы оқушының ойлау қабілетін және тілдік мүмкіндіктерін біртұтас сөйлеу процесін біріктіретін жаңарту бағытындағы жүйе болып табылады. Ол оқушының тек стандартты сөз тіркестерді қайталаушы емес, өз ойын еркін, дәлелді тұрғыдан жүйелі жеткізе алатын тілдік тұлға ретінде қалыптастырады. Бұл технологияның мүмкіндіктерін пәнаралық байланыс контекстінде тереңірек зерттеу ағылшын тілін оқытудың тиімділігін жаңа деңгейге жеткізуге себеп тудырады. Сондай-ақ, RWCT технологиясының стратегиялары инклюзивті білім беру ортасында қолданудың әдістемелік аспектілерін қарастыру осы саладағы зерттеулердің жаңа бағыттарын ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мирсеитова С. С. Словарь RWCT. – «Кәсіби даму мектебі» сериясы, Алматы: Верена, 2005
2. Dewey, J. How We Think. – Boston: D.C. Heath & Co., 1910. – 224 p.
3. Vygotsky, L. S. Thought and Language. – Cambridge, MA: MIT Press, 1986. – 287 p.
4. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар – Алматы: Үш Қиян, 2015
5. Заир-Бек, С. И., Муштавинская, И. В. Развитие критического мышления на уроке. – М.: Просвещение, 2011. – 223 с.
6. Мирсеитова, С. Оқытудағы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы. – Алматы: Қазақстан оқу қауымдастығы, 2011. – 184 б.
7. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – «Кәсіби даму мектебі» сериясы, Алматы: ИздатМаркет, 2004.
8. Ur, P. A Course in English Language Teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – 336 p.
9. Баймұханова, Г. Қ. Ағылшын тілі сабағында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту әдістері // Білім берудегі инновациялар. – 2020. – №3. – 45-50 бб.

10. Brown, H. D. Principles of Language Learning and Teaching. – 6th ed. – Pearson Education, 2014. – 416 p.
11. Black, P., William, D. Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment. – London: King's College London School of Education, 1998. – 20 p.

ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ УСТНОЙ РЕЧИ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ С ПОМОЩЬЮ ТЕХНОЛОГИИ RWCT

У.Р. Айбеккызы

Научный руководитель: К.Г. Аббасова

В данной статье исследуются теоретические и методологические основы формирования компетенции устной речи на английском языке с использованием технологии RWCT (Reading and Writing for Critical Thinking). Цель исследования – обоснование когнитивных и направляющих функций стратегий критического мышления при применении учащимися навыков говорения. В статье проведён комплексный анализ аспектов технологии RWCT, направленных на развитие навыков устной речи.

Ключевые слова: технология RWCT, критическое мышление, английский язык, навыки говорения.

FOUNDATIONS OF DEVELOPING ENGLISH SPEAKING SKILLS THROUGH RWCT TECHNOLOGY

U.R. Aibekkyzy

Scientific Supervisor: K.G. Abbassova

This article examines the theoretical and methodological foundations of implementing oral competence in English through the RWCT (Reading and Writing for Critical Thinking) technology. The aim of the study is to substantiate the cognitive and directive functions of critical thinking strategies in the use of learners' speaking skills. The article provides a comprehensive analysis of the aspects of RWCT technology that are aimed at developing oral skills.

Keywords: RWCT technology, critical thinking, English language, speaking skills

REFERENCES

1. Mirseitova, S. S. RWCT Dictionary. – “Professional Development School” series, Almaty: Verena, 2005.
2. Dewey, J. How We Think. – Boston: D.C. Heath & Co., 1910. – 224 p.
3. Vygotsky, L. S. Thought and Language. – Cambridge, MA: MIT Press, 1986. – 287 p.
4. Meirmanqulova, T. Innovative Technologies in Education. – Almaty: Üsh Qiyan, 2015.
5. Zair-Bek, S. I., Mushtavinskaya, I. V. Development of Critical Thinking in Lessons. – Moscow: Prosveshchenie, 2011. – 223 p.
6. Mirseitova, S. Critical Thinking Technology in Teaching. – Almaty: Kazakhstan Educational Association, 2011. – 184 p.
7. RWCT Philosophy and Methods in Action. – “Professional Development School” series, Almaty: IzdatMarket, 2004.
8. Ur, P. A Course in English Language Teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – 336 p.
9. Baymukhanova, G. K. Methods for Developing Students’ Critical Thinking Skills in English Lessons // Innovations in Education. – 2020. – №3. – pp. 45–50.
10. Brown, H. D. Principles of Language Learning and Teaching. – 6th ed. – Pearson Education, 2014. – 416 p.
11. Black, P., William, D. Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment. – London: King’s College London School of Education, 1998. – 20 p.